

МАЭК

«МАЭК» ЖШС КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ



Кәсіпорынның өзекті мәселелері талқыланды

1-2



Чествование ветеранов

2-3



Ғылымнан өндіріске



2025 - год рабочих профессий

5-7



Суперлига қорытындысы

15-16

КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІ КҮН ТӘРТІБІНДЕ



Ақтауға Маңғыстау облысынан сайланған ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бекбол Орынбасаровтың басқаруымен ҚР Энергетика министрлігі мен Қазақстанның Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің жүйелік операторы – KEGOC компаниясының арнайы жұмыс тобы келді.

Жұмыс тобы Маңғыстау атом энергетика комбинатының (МАЭК) қызметіне қатысты бірқатар өзекті мәселелерді талқылады.

Кездесу барысында МАЭК-тегі технологиялық және өндірістік үдерістерді жаңғырту, өндірілген электр энергиясын өткізу, мемлекеттік сатып алулар кезінде туындайтын мәселелер, инвестициялық жобалардың қазіргі жағдайы мен Каспий теңізінің тайыздануы секілді маңызды тақырыптар көтерілді.

«Әрбір мәселе жан-жақты қарастырып, терең талқылауды қажет етеді. Біз проблемаларды блоктарға бөліп, оларды министрлік деңгейінде жүйелі түрде шешу тетіктерін айқындадық. Бұл мәселелерді орталық

мемлекеттік органдармен тағы жеке талқылайтын боламыз», - деді Бекбол Орынбасаров.

Кеңес барысында МАЭК-ті технологиялық жөндеу қажеттігі де қозғалды. Айта кетейік, бүгінде кәсіпорынның тозу деңгейі 80 %-дан жоғары болып отыр.

«Бүгінде МАЭК-ке 60 жыл толды. Бұл мәселелерді жүйелі түрде шешуіміз керек. Өйткені МАЭК - жылу, электр энергиясы мен ауыз суды өндіретін, бүкіл Маңғыстау өңірінің тіршілігіне тікелей әсер ететін стратегиялық нысан. Сондықтан оның қазіргі жағдайы Мемлекет басшысының тікелей бақылауында. Біз қандай көмек көрсете аламыз? Кейбір мәселелер заңнамалық шешімді талап етеді. Сол себепті тиісті мемлекеттік органдар мен сала мамандарын тартуға дайынбыз», - деп атап өтті Сенат депутаты.



ОБСУЖДЕНЫ КЛЮЧЕВЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ МАЭК



В Актау прибыла рабочая группа Министерства энергетики РК и системного оператора ЕЭС Казахстана KEGOC. Делегацию возглавил депутат Сената Парламента РК от Мангистауской области Бекбол Орынбасаров.

Встреча была посвящена обсуждению деятельности ТОО «МАЭК», включая вопросы модернизации технологических и производственных процессов, реализации производимой электроэнергии, проблем при проведении государственных закупок, текущего

состояния инвестиционных проектов, а также обмеления Каспийского моря.

«Каждый из этих вопросов требует детального рассмотрения и обсуждения. Мы разделили проблемные вопросы на блоки, которые будут системно решаться на уровне министерств. Их мы еще отдельно обсудим с ответственными центральными госорганами», - отметил Бекбол Орынбасаров.

Участники встречи также рассмотрели вопросы, связанные с проведением технологического ремонта на МАЭК. На сегодняшний день износ предприятия составляет свыше 80%.

«Сейчас МАЭК 60 лет. Нам необходимо решать эти проблемы системно. Потому что МАЭК, обеспечивает выработку тепла, электроэнергии и воды, является «сердцем Мангистау». Поэтому, его состояние находится под контролем главы государства. Чем мы можем помочь? К примеру, некоторые вопросы требуют решения на законодательном уровне, и мы будем привлекать к их решению экспертов», - подчеркнул сенатор.

ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ



Мамыр айы еліміз үшін маңызды мерекелер мен тағылымы мол оқиғаларға толы кезең болды. Айдың алғашқы күні түрлі ұлт өкілдерін біріктіретін, татулық пен келісімді дәріптейтін Қазақстан халқының бірлігі күнін, 7-мамырда Отан қорғаушылар күнін, ал 9-мамырда Ұлы Жеңіс мерекесін атап өттік.

Биыл адамзат тарихындағы ең қасіретті әрі қанқұйлы соғыстардың бірі - Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл толып отыр. Осы айтулы мерекеге орай «МАЭК» ЖШС өкілдері тыл ардагерлері - Любовь Вячеславовна Боброва мен Владимир Александрович Тропинге арнайы барып,

құрмет көрсетті. Олар майдан шебінде болмаса да, тылда жанкешті еңбек етіп Жеңіске өз үлестерін қосты.

Любовь Вячеславовна соғыс жылдары әлі кішкентай, балауса қыз еді. Бірақ сол балғын шағында-ақ елдің ауыртпалығын арқалап, қолдан келген көмегін аямай, үлкендермен қатар еңбек етті. Қой жүнінен жылы киім тоқып, әкесімен бірге балық аулап, ау жөндеуге көмектесті. Ал 1972 жылы техникумды бітірген соң, БН-350 реакторлық қондырғысында лаборант болып еңбек жолын бастады. Ардагер кәсіпорында 27 жыл еңбек етіп, ашық мінезі, жауапкершілігі мен кәсібіне деген адалдығы үшін әріптестерінің құрметіне ие болды.

Владимир Александрович бозбала кезінде колхозда жұмыс істеді, жанармай тасып, жылқы бақты. Кейін әскери училищені аяқтап, КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде қызмет етті. 1969 жылы Маңғыстау энергетикалық комбинатына жұмысқа орналасып, атом реакторын жобалау мен іске қосу жұмыстарына белсене қатысты. Ол өңір үшін стратегиялық маңызы бар ірі нысанның бастауында тұрған, отандық энергетиканың дамуына сүбелі үлес қосқан мамандардың бірі.

Кездесу барысында ардагерлерге құрмет грамоталары, гүл шоқтары мен сыйлықтар табыс етілді. Десе де, ардагерлерге сол күнгі ең басты тарту – әріптестерінің риясыз көңілмен көрсеткен құрметі болды. Ардагерлер кәсіпорын ұжымы атынан келген өкілдерге шын көңілмен ризалықтарын білдіріп, алғыстарын жеткізді.

* * *

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда еңбек еткен ардагерлер Владимир Тропин мен Любовь Боброва

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығына сәйкес Жеңістің 80 жылдығына арналған мерейтойлық медальдармен марапатталды. Бұл марапат — олардың елге сіңірген еңбегіне, табандылығы мен Отанға деген адалдығына көрсетілген үлкен құрметтің белгісі. «МАЭК» ЖШС бас директоры Орақов Кеңес Нұрмағаметұлы ардагерлерді лайықты марапаттарымен құттықтап, соғыс жылдарындағы жанқиярлық еңбектері үшін алғысын білдірді.



К 80-ЛЕТИЮ ПОБЕДЫ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ



Май выдался насыщенным и значимым месяцем для всей нашей страны. Этот период традиционно наполнен праздничными событиями, важными датами и поводами для благодарности. Мы поздравили коллег с Днём единства народа Казахстана, отметили День Защитников Отечества и, конечно, почтили День Победы — памятную дату, объединяющую поколения.

В этом году исполнилось 80 лет со дня окончания Великой Отечественной войны — самой кровопролитной и трагичной в истории XX века. В честь этой значимой даты представители ТОО «МАЭК» навестили ветеранов тыла, бывших работников энергопредприятия — Любовь Вячеславовну Боброву и Владимира Александровича Тропина. Эти люди внесли свой вклад в Победу, находясь не на передовой, а в тылу — там, где ежедневно велась тяжёлая и изнурительная борьба за выживание и поддержку фронта.

Любовь Вячеславовна была ещё ребёнком в годы войны, но даже тогда старалась помогать взрослым: вязала из бараньей шерсти изделия, рыбачила с отцом и чинила рыболовные сети. После окончания техникума в 1972 году она начала работать лаборантом на реакторной установке БН-350 и посвятила комбинату 27 лет своей трудовой жизни. За это время снискала уважение коллег за открытость, ответственность и

преданность делу.

Владимир Александрович в подростковом возрасте трудился в колхозе: развозил горючее, пас лошадей. Позже окончил военное училище и служил в КГБ. В 1969 году пришёл на работу в Мангистауский энергокомбинат, где участвовал в проектировании и запуске атомного реактора. Он стал одним из тех, кто стоял у истоков крупнейшего стратегического объекта региона и внёс значительный вклад в развитие отечественной энергетики.

Ветеранам вручили почётные грамоты, подарочные наборы и цветы. Но, как отметили сами участники встречи, важнее всего оказались внимание, искреннее участие и человеческое тепло. Их воспоминания — не просто истории прошлого, а уроки стойкости, труда и веры, передаваемые из поколения в поколение.

* * *

28 мая, в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева, труженики тыла Великой Отечественной войны Владимир Тропин и Любовь Боброва были награждены юбилейными медалями в честь 80-летия Победы. Эта награда — знак глубокого уважения к их вкладу, стойкости и преданности Родине.

Генеральный директор ТОО «МАЭК» Ураков Кинис Нурмагаметович поздравил ветеранов с заслуженной наградой и выразил благодарность за самоотверженный труд в тяжёлые военные годы.



ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ – МЕРЕКЕДЕН МЕРЕКЕГЕ

Ұрпақтар сабақтастығы: мерекеден мерекеге

Мамыр айы – тарихпен тұтасқан тағылымды кезең. Біз бұл айда Ұлы Отан соғысы мен тыл ардагерлерін құрметпен еске аламыз. Жеңістің іргетасын қалап, бейбіт өмір үшін жанын салған жандардың ерлігі – ұрпақтар жадында мәңгілік сақталуы тиіс. Арада көп уақыт өтпей, 1 маусым - жас өркендерді, балаларымызды құттықтайтын мереке де келіп жетті.

Халықаралық балаларды қорғау күні – күлкі мен қуанышқа толы күн ғана емес, бұл қоғамның балалардың бақыты мен қауіпсіздігіне жауапты екенін еске салатын ерекше күн. Әр бала өзін сүйікті, қорғалған және қажет екенін сезінетін ортада өсуі тиіс. Бұл – әрбірімізге жүктелген жауапкершілік.

Осы мереке аясында «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп»

Жергілікті кәсіподағы жыл сайын ұйым мүшелерінің балалары мен немерелеріне арнап арнайы шара ұйымдастырады. Биыл да дәстүр жалғасын тауып, 3 пен 9 жас аралығындағы балалар үшін Ақтаудағы ойын-сауық орталықтарында көңілді және мазмұнды мерекелер ұйымдастырылды. Аниматорлар, түрлі ойындар, аттракциондар мен қызықты конкурстар мерекеге келген кішкентай қонақтарға ерекше көңіл-күй сыйлады. Күні бойы өткен ойын-сауыққа толы мереке балапандарға ұмытылмас әсер қалдырды.

Бүгінде Жергілікті кәсіподақ құрамында 800-ден астам мүше бар. Ұйымда отбасылар мен балаларға қолдау көрсету – басты басымдықтардың бірі болып саналады.



ПРАЗДНИК ДЕТСТВА

Только в мае мы с благодарностью чествовали ветеранов Великой Отечественной войны и тыла - людей, чьи труд и стойкость стали прочной опорой Победы. Мы вспоминали тех, кто ковал мирное будущее, не жалея сил во имя следующего поколения. И вот, не успела утихнуть торжественная тишина памяти, как уже 1 июня поздравления принимали младшее поколение - наши дети.

Международный день защиты детей — праздник радости, надежды и напоминание о том, насколько важно защищать детство. Это не просто весёлый день, полный шаров и смеха, это призыв обществу: заботьтесь, берегите, создавайте условия, чтобы каждый ребенок чувствовал себя любимым, защищенным, нужным.



Локальный профсоюз ТОО «МАЭК» ежегодно отмечает этот день, поздравляя детей и внуков своих членов. И в этом году праздник не стал исключением. Для ребятни от 3 до 9 лет был организован яркий день в детских развлекательных центрах Актау. Аниматоры, игры, аттракционы — все ради счастливых детских улыбок. Смех не смолкал с утра до вечера, детвора с удовольствием веселилась, отдыхала и просто наслаждалась праздником.

В Локальном профсоюзе «МАЭК-Казатомпром» сегодня более 800 членов, и забота о семьях, о детях — важная часть работы организации.

Так, передавая эстафету памяти, добра и заботы, мы соединяем поколения: от тех, кто строил мир, - к тем, кто будет его сохранять.



ҒЫЛЫМНАН - ӨНДІРІСКЕ



БН-350 реактор қондырғысы - қазақстандық энергетика тарихындағы ерекше маңызы бар нысан. Ширек ғасыр ел игілігіне қызмет еткен қондырғы бүгінде қолданыстан шығарылу сатысында. Айырықша айтар болсақ, осы күрделі процесстер жүргізіліп жатқан бөлімшені ғылымда, өнеркәсіпте және мемлекеттік басқаруда тәжірибелері бар білікті маман басқарады.

Біз оның кәсіби жолы, атом саласының сын-қатерлері және Қазақстандағы атом энергетикасының болашағы туралы білу үшін БН-350 РҚ директоры Марат Николайұлы Молдағұловпен әңгімелестік.

- Марат Николайұлы, сұхбат беруге келіскеніңіз үшін рахмет! Әңгімені әріден бастайық. Химик мамандығын қалай таңдадыңыз? Қайда оқыдыңыз, кәсіби қызметіңізді қайдан бастадыңыз?

Ата – анамның берген тәрбиесі мен кеңестері осы мамандықты таңдауыма, өмірде өз орнымды табуға және жұмыс істеген кез келген ұжымда өзімді сенімді сезінуге көмектесті дер едім. Сонымен қатар, мектептегі мұғалімдер де маңызды рөл атқарды, олар бізге әрбір жасөспірімге қажет табандылық, ұқыптылық және жауапкершілік сияқты маңызды қасиеттерді сіңірді.

1982 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің (ҚазМУ) химия факультетіне оқуға түстім. Бірінші курстан кейін армия қатарына шақырылдым, біздің жастық шағымызда әскери қызметтен бас тарту деген жоқ еді. Мен Германия елінде әскери борышымды өтеп, өте жақсы сарбаздар мектебінен өттім. Елге оралған соң оқуымды жалғастырып, 1990 жылы университетті тәмамдадым.

- Сіз химия ғылымдарының кандидатысыз. Кандидаттық диссертация қай жерде және қашан қорғалды және ол қандай тақырыпқа арналды?

Университетті бітіргеннен кейін түлектерді жан-жаққа жұмысқа жіберді - ол кезде жоғары оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастырудың тамаша жүйесі болатын. Мен өз еңбек жолымды Әбікен Бектұров атындағы Химия ғылымдары институтының зертханасында зертханашы болып бастадым.

Уақыт өте келе, сертификаттау нәтижелері бойынша мен алдымен аға зертханашы, содан кейін екінші және бірінші санаттағы инженер, жетекші инженер болдым. Мені кіші ғылыми қызметкер ретінде бекіткен кезде институттың Ғылыми кеңесі маған зерттеу тақырыбын бекітті: «Полимерлі краун-эфирлер: алу жолдары мен қасиеттері». Бұл ретте менің жолым болды деп

ойлаймын. Себебі, маған сол кезде бұрын зерттелмеген жаңа тақырыпты зерттеу жауапкершілігі жүктелді. Краун-эфирлер 1967 жылы ғана ашылған арнайы қосылыстар еді. Мен олардың жаңа нұсқаларын алу жолдарын ойлап таптым және олардың әртүрлі металл иондарымен қалай әрекеттесетінін зерттедім.

1995 жылы осы тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғадым. Сол кезде Қазақстан ғылымы әлемдік ғылыми ортаға белсенді түрде ене бастаған еді және химия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесімен бірге маған халықаралық дәреже - философия докторы (PhD) атағы берілді. Содан кейін мен институтта ғылыми қызметкер, кейін аға ғылыми қызметкер лауазымдарын атқардым. Одан әрі зерттеу тақырыптары кеңейіп, ұжымға жаңа әріптестер мен аспиранттар келе бастады. Біз қырықтан астам ғылыми мақалалар жарияладық, құрамында азот және күкірт бар краун эфирлерін синтездеу, алу және қолдану әдістеріне патенттер алдық.

- Сіздің кәсіби жолыңыз өте қызықты, түрлі салаларда қызмет етіңіз. Ғылыми жұмыстан өндірістік кәсіпорынға жұмысқа ауысу қалай болды?

Институтта аға ғылыми қызметкер болып жүрген кезде мен Павлодар химия өнеркәсібі зауыты басшылығынан ғылыми кеңесші қызметіне шақырту алдым. Бұл 90-жылдардың аяғы, ауыр дағдарыстар орын алған кезең болатын. Зауыттың негізгі өндірістік желілері тоқтап қалған, бұл өндірістің құлдырауына, сонымен қатар экологиялық салдарға әкелген.

1975 жылдан 1993 жылға дейін осы химия өнеркәсібінде хлор мен каустикалық сода сынап катодымен электролиз әдісімен өндірілді. Технологияның ескіруі салдарынан аумақтың ластануы орын алды - 900 тоннадан астам сынап және оның қосылыстары электролиз корпусының топырағына, қабырғалары мен едендеріне түсті. Шұғыл тазалау жұмыстары басталды: қорғаныс тосқауылдары тұрғызылды, топырақ, су және ауа мониторингі жүйесі орнатылды. Кейінірек комбинат екі кәсіпорынға бөлінді, мен Павлодар химия зауытының бас инженері болып тағайындалып, онда өндіріс пен экологиялық қауіпсіздікке жауапты болдым. Жұмыс көп, жауапкершілік үлкен болды. Сондықтан болар, ғылыми жұмыстан өндірістік кәсіпорын жұмысына қалай сіңіп кеткенімді байқамағаным.

- Сіз бір жылдары Ақтау қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқардыңыз, бұл Сізге қаланың экономикалық және өндіріс саласы жұмыстарын бақылап, жүргізу жауапкершілігін жүктеді. Сонымен қатар, сіз қалалық және

облыстық мәслихаттардың депутаты болып сайландыңыз. Сіздің бұл еңбек тәжірибеңіз қазіргі зауыт директоры ретіндегі рөліңізге қалай көмектеседі?

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап БН-350 реактор қондырғысы республикалық бюджеттен қаржыландырыла бастады. 2021-2022 жылдары ақша тікелей Энергетика министрлігінен түсті, ал 2023 жылдан бастап «МАЭК» ЖШС Маңғыстау облысы әкімдігінің меншігіне берілгеннен кейін қаржыландыру ел бюджетінен трансферттер арқылы жүзеге асырылады. Біздің қызметкерлер бюджеттік өтінімдерге құжаттар дайындайды, қаражатты игереді және есептерді қорғайды. Әкімдік пен мәслихатта жинақталған тәжірибе осы процестерді басқаруға және бақылауға ықпал етуде.

- БН-350 реактор қондырғысы - бұл қолданыстан шығару жұмыстары жүргізіліп жатқан тарихи маңызды нысан. Мұнда қазіргі уақытта қандай жұмыстар жүргізілуде?

БН-350 реакторлық қондырғысын қолданыстан шығару тұжырымдамасы үш кезеңнен тұрады:

- сақтау үшін қауіпсіз күйге келтіру;
- қауіпсіз сақтау;
- ғимараттарды бөлшектеу және қалдықтарды көму.

Қазір біз бес кезектен тұратын бірінші кезеңдеміз:

1. Пайдаланылған ядролық отынмен жұмыс 2010 жылы аяқталды. Отын түсіріліп, жинақталып, тасымалданып, ұзақ мерзімді сақтауға қойылды.

2. Сұйық-металды жылу тасымалдағышпен жұмыс істеу. Қазірде жұмыстың бір бөлігі атқарылды: екінші контурдағы натрий қайта өңделді, бірінші контурдағы натрий тазартылды және сақтауға қойылды, әрі қарай өңдеу қажет.

3. Сұйық радиоактивті қалдықтармен (СРҚ) жұмыс істеу. Ең басты міндетіміз - қалдықтарды инертті күйге келтіру. Соңғы жылдары қалдықтарды екі есеге жуық азайтуға мүмкіндік туды.

4. Қатты радиоактивті қалдықтарды өңдеу (ТРО).

5. Ғимараттар мен құрылыстарды қауіпсіз сақтауға дайындау.

4 және 5 кезектер 2 және 3 кезектер аяқталғаннан кейін орындалады.

- 2024 жылғы 6 қазанда Қазақстанда атом энергиясын пайдалану мәселесі бойынша референдум өтті. Оның қорытындысы бойынша АЭС салу туралы шешім қабылданды. Бұл туралы сіздің пікіріңіз қандай?

Бүгінгі күнге дейін адамның ақыл-ойы атом ядросының бөлінуінен артық энергия өндірудің тұрақты, оңтайлы және салыстырмалы түрде қауіпсіз

әдісін ойлап тапқан жоқ. Сондықтан менің Қазақстан үшін атом электр станциясын салу бірінші кезектегі қажеттілік деген біржақты пікірім бар. Біз АЭС құрылысын неғұрлым тез салсақ, экономикалық даму перспективасын да тезірек қамтамасыз етеміз.

- Кәсіби жолды енді бастағандарға қандай кеңестер бере аласыз?

Ең бастысы - таңдаған ісіңізді өзіңіз үйренуге тырысуыңыз керек. Олай дейтінім, өзінді жақсы көретін ата-аналардың, ақылды ұстаздардың және тәжірибелі тәлімгерлердің қолдауы болса да, жеке ұмтылысыңызсыз, қызығушылық пен жеке күш-жігеріңізсіз мықты кәсіби маман болу мүмкін емес. Тек адамның өзі оқығанда ғана дамиды және жетістікке жетеді. Әр адам өз бақытының ұстасы.

Қызықты әңгіме мен мағыналы жауаптарыңыз үшін рахмет. Сізге және сіздің командаңыздың маңызды қызметіне сәттіліктер тілейміз!



ОТ НАУКИ К УПРАВЛЕНИЮ



Реакторная установка БН-350 — объект особого значения в истории казахстанской энергетики. Сегодня она находится на этапе вывода из эксплуатации, и руководит этим сложным процессом опытный специалист, чья карьера охватывает науку, промышленность и государственное управление.

Мы побеседовали с директором установки

Маратом Николаевичем Молдагуловым, чтобы узнать о его профессиональном пути, вызовах атомной отрасли и будущем ядерной энергетики в Казахстане.

- Марат Николаевич, благодарим вас за согласие дать интервью. Предлагаем начать с самого начала: как и почему была выбрана профессия химика? Где проходили обучение и с чего началась профессиональная деятельность?

Выбор профессии во многом определили мои родители - их воспитание и советы помогли мне найти свое место в жизни и чувствовать себя уверенно в любых коллективах, где доводилось работать. Важную роль сыграли и школа с учителями, которые привили нам такие важные качества, как усидчивость, пунктуальность и ответственность - то, что нужно каждому подростку вне зависимости от времени и обстоятельств.

В 1982 году я поступил на химический факультет Казахского государственного университета (КазГУ). После первого курса был призван в ряды Советской Армии, в годы нашей юности не принято было «отмазываться» от службы. Отмечу без бравады и бахвальства, прошел очень хорошую солдатскую школу в Группе советских войск в Германии. После демобилизации вернулся к учебе и окончил университет в 1990 году.

- Вы являетесь кандидатом химических наук. Где и когда была защищена кандидатская диссертация, и какой теме она была посвящена?

После окончания университета меня направили на

работу - тогда это была отличная система трудоустройства для выпускников. Я начал свою карьеру лаборантом в лаборатории ионообменных смол (ЛИОС) Института химических наук имени А. Бектурова (ИХН).

Со временем, по результатам аттестации, я стал сначала старшим лаборантом, затем инженером второй и первой категории, ведущим инженером. Когда меня утвердили в должности младшего научного сотрудника, учёный совет Института закрепил за мной тему исследований: «Полимерные краун-эфир: способы получения и свойства». Мне повезло - я занялся новой темой, почти не изученной на тот момент. Это были краун-эфир - особые соединения, открытые только в 1967 году. Я разработал способы получения их новых вариантов и изучил, как они взаимодействуют с ионами разных металлов.

В 1995 году защитил кандидатскую диссертацию по своей теме. В то время наука Казахстана начала активно интегрироваться в мировую научную среду, и вместе с научной степенью кандидата химических наук, мне присудили международную степень - доктор философии (PhD). А дальше все пошло своим чередом: стал научным сотрудником, затем старшим. Тема исследований расширялась, приходили новые коллеги и аспиранты. Мы опубликовали более сорока научных статей, получили патенты на методы синтеза и получения и применения азот- и серусодержащих краун-эфиров.

- Известно, что ваш профессиональный путь был разнообразным и насыщенным. Вам довелось работать в разных сферах. Как произошёл переход от научной работы к работе на производственном предприятии?

Будучи старшим научным сотрудником в ЛИОС ИХН, я получил приглашение от руководства Павлодарского Химпрома стать научным консультантом. Это было в конце 90-х, в разгар тяжёлого кризиса. Основные производственные линии комбината остановились, что привело не только к упадку самого производства, но и к жестким экологическим последствиям.

С 1975 по 1993 годы на Химпроме производили хлор и каустическую соду методом электролиза с ртутным катодом. Из-за устаревшей технологии произошло загрязнение территории - более 900 тонн ртути и ее соединений попало в почву, стены и полы корпуса электролиза. Были начаты экстренные работы по очистке: построили защитный барьер, установили систему мониторинга почвы, воды и

воздуха. Позже комбинат разделили на два предприятия, и я стал главным инженером Павлодарского химического завода, где отвечал за производство и экологическую безопасность. Работы было много, ответственность большая. Наверно поэтому, я даже не заметил, а после и не задумывался о том, как произошёл переход от научной работы к работе на производственном предприятии. Скажем так, мне было комфортно работать.

- В вашей карьере был этап работы заместителем акима Актау, что позволило погрузиться в экономические и производственные процессы города. Кроме того, вы избирались депутатом городского и областного маслихатов. Как этот опыт помогает в вашей текущей роли директора подразделения комбината?

С 1 января 2021 года содержание реакторной установки БН-350 в безопасности финансируется из Республиканского бюджета. В 2021–2022 годах деньги поступали напрямую от Министерства энергетики, а с 2023 года, после передачи ТОО МАЭК в собственность Акимата Мангистауской области, финансирование идет через трансферты из бюджета страны. Наш персонал готовит документы для бюджетных заявок, осваивает средства и защищает отчеты. Опыт, накопленный в акимате и маслихате способствует в управлении и контроле этих процессов.

- Реакторная установка БН-350 - это особо важный объект исторического значения, который находится на выводе из эксплуатации. Какие работы ведутся в настоящее время?

Концепция вывода из эксплуатации реакторной установки БН-350 состоит из трех этапов:

- приведение в безопасное состояние для хранения;
- безопасное хранение;
- демонтаж зданий и захоронение отходов.

Сейчас мы на первом этапе, который делится на пять очередей строительства:

1. Работа с отработанным ядерным топливом (ОЯТ) завершена в 2010 году. Топливо выгружено, упаковано и перевезено для долгосрочного хранения.

2. Обращение с жидко-металлическим теплоносителем. Часть работы сделана: натрий второго контура переработан, натрий первого контура очищен и хранится, предстоит дальнейшая переработка.

3. Обращение с жидкими радиоактивными отходами (ЖРО). Самой актуальной задачей является приведение отходов в инертное состояние. За

последние годы количество отходов удалось сократить почти вдвое.

4. Обращение с твердыми радиоактивными отходами (ТРО).

5. Подготовка зданий и сооружений к безопасному хранению.

4 и 5 очереди строительства выполняются только после завершения 2 и 3.

- 6 октября 2024 года в Казахстане прошёл референдум по вопросу использования атомной энергии. По его итогам было принято решение о строительстве АЭС. Каково ваше мнение по этому поводу?

На сегодняшний день человеческий разум не придумал более стабильного, устойчивого, оптимального и относительно безопасного способа генерации энергии, чем расщепление атомного ядра. Поэтому у меня однозначное мнение, что для

Казахстана строительство АЭС — это первостепенная необходимость. Чем быстрее построим, тем быстрее обеспечим перспективу экономического развития.

- Какие советы вы могли бы дать тем, кто только начинает профессиональный путь?

Главное — учиться выбранному делу самому, самостоятельно. Даже при поддержке любящих родителей, мудрых учителей и опытных наставников, без личного стремления и стараний невозможно стать профессионалом. Только сам человек учится, развивается и добивается успеха. Как говорится, каждый сам кузнец своего счастья.

Благодарим вас за увлекательную беседу и интересные, глубокие ответы. Было очень приятно пообщаться. Удачи вам и вашему коллективу в будущем!

17 мамыр – Байланыс қызметкерлерінің күні

МАҢЫЗДЫ САЛАНЫҢ МАЙТАЛМАНДАРЫ



Жыл сайын 17 мамыр - Байланыс қызметкерлерінің күні атап өтіледі. Бұл - сенімді әрі үздіксіз коммуникацияны қамтамасыз етіп қана қоймай, адамдар арасындағы байланыстарды да нығайтатын мамандардың кәсіби мерекесі. Мерекеге орай сіздерді кәсіпорынның Технологиялар және байланыс қызметінде еңбек ететін нағыз шеберлер - Александр Маманков және Жанболат Елеуовпен таныстырамыз.

Александр Маманков

Александр Иванович Маманков Ақтау қаласындағы

Ш.Есенов атындағы колледжді «Электрмен жабдықтау» мамандығы бойынша тәмамдаған соң аз уақыт мектепте информатика пәнінен сабақ берді. Кейін ол өз білімін жетілдіріп, Ақтау мемлекеттік университетінде «Электр энергетикасы» мамандығы бойынша білім алды. Ал комбинаттағы еңбек жолын 2006 жылы байланыс электромонтері қызметінен бастады. Алғашында жұмысты 4-разрядпен бастаған Александр бірте-бірте мамандыққа төселіп, тәжірибе жинай жүріп, 6-разрядқа дейін көтерілді, одан соң учаске мастері болды, ал 2023 жылы Жедел-диспетчерлік байланыс тобының жетекшісі қызметіне тағайындалды.

Оның басшылығымен жұмыс істейтін топта тиісті еңбек тәртібі, жүйелі, мақсатты жұмыс ырғағы қалыптасқан. Александр қызметкерлерді ортақ іске жұмылдыра білетін, сенімді әрі қарамағындағы қызметкерлердің еңбегін әділ бағалайтын басшы. Өріптестері де оны жоғары кәсіби білімділігі, біліктілігі мен жауапкершілігі үшін құрмет тұтады.

«Балалық шағымнан техникаға қызығатынымын - бәрін ашып, шашып, қалай жұмыс істейтінін түсінгім келетін. Қазір сол қызығушылығымды өмірлік мамандығыма айналдырғаныма қуанамын. 20 жылға жуық осы салада адал қызмет етіп келемін», — дейді Александр.

Кәсіпорын тарапынан Александр «МАЭК-тің құрылғанына 50 жыл» мерейтойлық белгісімен, Бас

директордың атынан Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарымен марапатталған.

Жанболат Елеуов

Елеуов Жанболат Еркеғұлұлы комбинаттағы еңбек жолын 2007 жылы 2-разрядты байланыс электромонтері ретінде бастады. Жиырма жылға уақыт ішінде ол кәсіби өсу жолының барлық сатыларынан өтіп, бүгінде 6-разрядты маманға айналды.

«Мен біреуге пайдалы бола алсам, алғыс естісем - сол маған үлкен шабыт береді. Бұл кез келген марапаттан да құнды», — дейді Жанболат.

Ол - көпбалалы әке. Жанұясына да, жұмысына да

үлкен жауапкершілікпен қарайды. «Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, ол автокөліктің қыр-сырын жақсы меңгерген маман. Сондықтан, жұмыстан тыс уақытта көлік жөндеумен де айналысады. Ал комбинатта - өз ісіне адал, көмек қолын созуға әрдайым дайын, өз міндеттерін абыроймен атқарып жүрген мақтаулы маман. Әріптестері арасында беделді және сыйлы азамат.

Александр мен Жанболат сынды мамандардың арқасында комбинаттағы байланыс құралдары мінсіз жұмыс істейді, өндіріс жұмысында да кідіріс жоқ.

СВЯЗИСТЫ В ДЕЛЕ: ЛЮДИ, КОТОРЫЕ СОЕДИНЯЮТ НАС

Каждый год 17 мая отмечается День работников связи — праздник тех, кто стоит за надежной и бесперебойной коммуникацией, кто обеспечивает не только технические соединения, но и человеческие. В Службе технологий и связи нашего комбината трудятся настоящие мастера своего дела. В честь праздника расскажем вам о двух таких специалистах — Александре Маманкове и Жанболате Елеуове.

Александр Маманков

Александр Иванович Маманков пришёл на комбинат в 2006 году. Сразу после окончания колледжа им. Ш.Есенова по специальности «Электроснабжение» он недолгое время преподавал информатику в школе. Но уже тогда понял, что его путь — в технической практике. Позже он получил степень бакалавра электроэнергетики в Актауском государственном университете.

Путь Александра в профессии — это история упорства, дисциплины и системного подхода. Начав карьеру с должности электромонтёра связи 3 разряда, он последовательно прошёл все ступени профессионального роста: от 4 до 6 разряда, затем стал мастером участка, а с 2023 года возглавил группу оперативно-диспетчерской связи.

Коллеги ценят его за высокий уровень профессиональных знаний, организованность и ответственность. В группе, которой он руководит, всегда чёткий порядок и рабочий ритм — результат выстроенной системы, уважения к труду и ясного понимания задач. Александр умеет держать стабильный курс и при этом поддерживать команду в тонусе.

«С детства увлекался техникой — всё хотелось разобрать и понять, как работает. Сегодня я горжусь тем, что смог превратить это

любопытство в профессию, которой верен почти 20 лет», - говорит Александр.

За годы работы он заслуженно был удостоен множества наград, в том числе юбилейного знака «50 лет МАЭК», почётных грамот и благодарностей от комбината.



Жанболат Елеуов

Жанболат Еркеғұлович Елеуов начал свой путь на комбинате в 2007 году с позиции электромонтера связи 2 разряда. С тех пор он не только прошёл все ступени профессионального роста вплоть до 6 разряда, но и доказал, что техническая профессия может идти рука об руку с искренним желанием помогать людям.

«Я люблю, когда могу сделать что-то полезное, услышать в ответ «спасибо». Это вдохновляет больше, чем любые звания», - признаётся Жанболат.

Он — многодетный отец, который с равной ответственностью относится и к работе, и к семье. Вне

комбината увлекается ремонтом автомобилей, а в стенах родного предприятия — преданный делу специалист, уважаемый и доброжелательный коллега. Никогда не отказывает в помощи, всегда спокоен и собран.

Именно благодаря таким специалистам, как Александр и Жанболат техника работает без сбоев, а люди — с полной уверенностью в завтрашнем дне.



20 МАМЫР - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МЕТРОЛОГИЯ КҮНІ



Жыл сайын 20 мамырда бүкіл әлемде Дүниежүзілік метрология күні - қызметтің түрлі салаларындағы өлшемдер дәлдіктерін және олардың нәтижелерінің дұрыстығын қамтамасыз ететін, яғни өлшемдер туралы ғылым мамандарының кәсіби мерекесі атап өтіледі.

МАЭК-те метрологиялық қызмет табысты жұмыс істейді, оның негізгі міндеті кәсіпорындағы тиісті өлшем бірліктерін қамтамасыз ету, метрологиялық ережелер мен нормаларды сақтау, сондай-ақ сынақтар мен өлшемдердің сенімді нәтижелерін алу болып табылады. 2023 жылдан бастап Метрологиялық қызметке білікті мамандардың бірі Яралиева Елена Александровна басшылық етуде.

Қызмет құрамына «Ұлттық аккредиттеу орталығы» РМК аккредиттелген өлшеу құралдарын тексеру және калибрлеу құқығына ие зертханалар кіреді. Бүгінгі таңда зертхана қолданыстағы 18 өлшем түрінің 13 бойынша аккредиттелген, бұл қолданыстағы заңнама мен нормативтік құжаттардың талаптары шеңберінде метрологиялық жұмыстардың кең спектрін орындауға мүмкіндік береді.

Өлшеу құралдарын тексеру олардың метрологиялық сипаттамаларының белгіленген талаптарға сәйкестігін растау мақсатында жүргізіледі. Барлық жұмыстарды қажетті даярлықтан өткен және жоғары кәсіби құзыреттілікке ие аттестатталған салыстырып тексерушілер жүзеге асырады. Метрологиялық қызметте Амаля Проскурина, Дмитрий Галичев, Людмила Маркина, Ласкер Кондыбаев, Асхат Төлеуов,

Константин Мостова сияқты жоғары білікті мамандар еңбек етеді. Ал Жалғас Гузаир, Маткерім Салдыр, Иса Баймұханов, Қамбар Шодан, Толғанай Бургенбай, Ольга Бекетова сияқты жастар метрологиялық қызметтің болашағы мен үміті деуге болады.

Тексеруді және калибрлеуді орындау үшін зертханада электр энергиясының есептегіштерін, рН-метр мен иономерлерді, кондуктометрлерді, электр өлшеу аспаптарын, қысым мен температура датчиктерін тексеруге арналған дәлдігі жоғары қондырғыларды қоса алғанда, 360-тан астам ЭТАЛОН пайдаланылады.

Метрологиялық қызмет Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматиканы жөндеу учаскесімен өзара белсенді қызмет жасайды, бұл жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жұмысқа жарамдылығын қалпына келтіру міндеттерін жедел және сапалы жүргізуге мүмкіндік береді.

Метрологиялық қызмет мамандары кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінде қолданылатын барлық өлшеу құралдарының 95%-ын тексеруден өткізеді. Орташа алғанда, жыл сайын шамамен 14 мың өлшеу құралдары тексеріледі, шамамен 300 бірлік калибрлеуден өтіп, сондай-ақ 60 бірлік сынақ жабдықтары аттестатталады.

Сонымен қатар, қызмет мамандары комбинаттың барлық құрылымдық бөлімшелерінде метрологиялық бақылауды жүзеге асырады, химиялық зертханаларда өлшеулердің жай-күйін бағалайды, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманың сақталуын тексереді.

Дәл және сенімді өлшеулер технологиялық процестерді тиімді бақылаудың негізі, энергия ресурстарын дұрыс есепке алу және шығарылатын өнімнің жоғары сапасының кепілі болып табылады.

Метрологиялық қызметтің барлық қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтаймыз және жоғары жауапкершілік пен кәсіпорынның сенімді жұмысына қосқан үлесі үшін алғыс айтамыз!

20 МАЯ – ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ МЕТРОЛОГИИ

Ежегодно 20 мая во всём мире отмечается Всемирный день метрологии — профессиональный праздник специалистов, обеспечивающих точность измерений и достоверность результатов в самых различных сферах деятельности.

На МАЭКе успешно функционирует Метрологическая служба, основной задачей которой является обеспечение единства измерений на предприятии, соблюдение метрологических правил и норм, а также получение достоверных результатов испытаний и измерений. С 2023 года руководителем службы является Яралиева Елена Александровна.

В состав службы входят лаборатории, аккредитованные РГП «Национальный центр аккредитации» на право поверки и калибровки средств измерений. На сегодняшний день лаборатория аккредитована по 13 из 18 существующих видов измерений, что позволяет выполнять широкий спектр метрологических работ в рамках действующего законодательства и требований нормативных документов.

Поверка средств измерений проводится с целью подтверждения соответствия их метрологических характеристик установленным требованиям. Все работы осуществляются аттестованными поверителями, прошедшими необходимую подготовку и обладающими высокой профессиональной компетенцией. Заметное место в деятельности Метрологической службы занимают такие высококвалифицированные специалисты как Амаля Проскурина, Дмитрий Галичев, Людмила Маркина, Ласкер Кондыбаев, Асхат Толеуов, Константин Мостовой. Молодые специалисты Жалгас Гузаир, Мәткерім Салдыр, Иса Баймуханов, Қамбар Шодан, Толғанай Бургенбай, Ольга Бекетова являются

перспективой и надеждой Метрологической службы.

Для выполнения поверки и калибровки в лаборатории используется более 360 эталонов, включая высокоточные установки для поверки счётчиков электрической энергии, рН-метров и иономеров, кондуктометров, электроизмерительных приборов, датчиков давления и температуры.

Метрологическая служба активно взаимодействует с участком ремонта контрольно-измерительных приборов и автоматики, что позволяет оперативно и качественно решать задачи по техническому обслуживанию и восстановлению работоспособности оборудования.

Специалисты Метрологической службы поверяют практически 95% всех средств измерений, эксплуатируемых в структурных подразделениях предприятия. В среднем ежегодно проводится поверка около 14 тысяч средств измерений, калибровка - около 300 единиц, а также аттестация 60 единиц испытательного оборудования.

Кроме того, специалисты службы осуществляют метрологический контроль во всех структурных подразделениях комбината, проводят оценку состояния измерений в химических лабораториях, проверяют соблюдение законодательства в области обеспечения единства измерений.

Точные и достоверные измерения являются основой эффективного контроля технологических процессов, правильного учета энергоресурсов и гарантией высокого качества выпускаемой продукции.

Поздравляем всех сотрудников Метрологической службы с профессиональным праздником и благодарим за высокую ответственность и вклад в надёжную работу предприятия!



ЕҢБЕККЕ БЕРІЛГЕН ЖАН



Әрбір ғимараттың бітімі тек іргетасының мықтылығымен ғана емес, сонымен бірге соңғы әрлеу жұмыстарының шебер орындалуымен де көрінеді. Мұндай үйлесімді қалыптастыратын жандар – әрлеуші-сылақшылар. Осындай мамандардың бірі - «МАЭК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде еңбек етіп жүрген Настя Сұлтанғазиева.

Ол 40 жыл еңбек өтілінің 16 жылында «МАЭК» ЖШС-де қызмет етіп келеді. Бүгінде ол Жөндеу құрылыс жұмыстары басқармасының 5 разрядты сылақшысы. Өз еңбек жолын ол 1985 жылы Ақтау қаласындағы №2 кәсіптік-техникалық училищесін «Құрылыс сылақшысы» мамандығы бойынша тәмамдаған соң бастады. Көп жылдан бері құрылыс саласында табанды еңбек етіп, кез келген қиындыққа мойымай, өз қызметін адал атқарып жүрген Настя апайды әріптестері де құрмет тұтады. Тәжірибелі маман өзінің сапалы жұмысы, қызметке жауапкершілігімен жастарға үлгі болуда. Настя апа оларға әрдайым бағыт-бағдар беріп, жұмысты сүйіспеншілікпен әрі жауапкершілікпен атқаруға үндейді. Ол кез келген қиындықты сабырмен жеңуге болатынын айтады, тек шыдам мен еңбекқорлық қажет.

- Мен үшін жұмыста ең бастысы - ұқыптылық. Жұмыс нәтижесі көз қуантарлық болса, онда өз еңбегіңе деген мақтаныш сезімі туындайды, - дейді ол.

2017 жылы оның ұзақ жылғы еңбегі «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының 20 жылдық мерейтойлық төсбелгісімен марапатталды.

Қызметтен тыс уақытта Настя Сұлтанғазиева – үлгілі ана, ардақты әже. Төрт қыз тәрбиелеп өсірген ол бүгінде 11 немеренің сүйікті әжесі. Демалыс уақыттарын үнемі жиендерімен бірге өткізіп, балапандардың тәтті қылықтарын қызықтағанды ұнатады.

С ЛЮБОВЬЮ К ДЕЛУ И ВЕРНОСТЬЮ ПРОФЕССИИ



В каждом здании важна не только его прочность, но и аккуратность отделки, тот самый финальный штрих, который придает завершенный облик и ощущение уюта. За этим стоит мастерство маляров и

штукатуров — людей с точным глазом, твердой рукой и уважением к деталям. Одной из таких специалистов является Настя Султангазиева — маляр с 40-летним стажем, которая уже 14 лет работает в ТОО «МАЭК».

Свой путь она начала в 1985 году, окончив Актауское ПТУ №2 по специальности «Маляр». За эти годы Настя апа работала в разных подразделениях, но всегда оставалась верна своему делу — качественно и добросовестно выполнять любую задачу, будь то покраска, шпаклевка или отделочные работы. Коллеги уважают ее за дисциплину, скромность и умение доводить дело до идеала.

— В работе для меня важно, чтобы все было

четко и аккуратно. Когда результат радует глаз, это дает ощущение гордости за труд, — говорит она.

Работница спокойно относится к трудностям, которые неизбежны в любой профессии. Она считает, что с опытом приходит понимание, как их преодолевать. А новичкам всегда советует одно:

относиться к работе щепетильно и ответственно.

Вне работы Настя апа — заботливая мама четырех дочерей и счастливая бабушка. Свободное от работы время она посвящает своим одиннадцати внукам и внучкам. В 2017 году ее труд был отмечен юбилейным знаком «20 лет АО «НАК «Казатомпром».

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Комбинатта «МАЭК» ЖШС-де анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің орын алуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды қарау мәселесі бойынша құрылымдық бөлімшелер басшыларының қатысуымен кеңес болып өтті.

Іс-шара ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту жұмыстары аясында өткізілді.

Кездесу барысында «МАЭК» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнама нормаларын сақтау, сондай-ақ сатып алуды ашық, жария түрде өткізіп, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу және мүдделер қақтығысын болғызбау қажеттілігіне баса назар аударды.

Кеңеске қатысушылар кәсіпорынның ресми сайтында «МАЭК» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметке қатысты барлық стандарттар мен нұсқаулықтар бар екендігі туралы хабардар етілді.

Сонымен қатар, веб-сайттың «Комплаенс» бетшесінде комбинат қызметкерлерінің 64-266 жедел желісі немесе maekhotline@maek.kz.

электрондық поштасы арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүгіну мүмкіндігі бар екендігі туралы ақпарат орналастырылған.

Шағыммен жүгінгендерге «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес құпиялылыққа және қудалаудан қорғауға кепілдік беріледі.



КОРРУПЦИИ НЕТ

На комбинате состоялось совещание с участием руководителей структурных подразделений по вопросу рассмотрения выявленных причин и условий, способствующих проявлению коррупционных рисков в ТОО «МАЭК».

Мероприятие прошло в рамках разъяснительной и обучающей работы по вопросам соблюдения требований законодательства РК о противодействии коррупции.

В ходе встречи антикоррупционной комплаенс-службой ТОО «МАЭК» был сделан акцент на соблюдении норм законодательства в сфере государственных закупок, а также на необходимости следования принципам закупа - открытости, прозрачности, недопущения коррупционных правонарушений и предотвращения конфликта интересов.

Участники совещания были проинформированы о

наличии на официальном сайте предприятия всех актуальных политик, стандартов и инструкций, касающихся деятельности по противодействию коррупции в ТОО «МАЭК».

Кроме того, на странице «Комплаенс» веб-сайта размещена информация о возможности обращения работников комбината в антикоррупционную комплаенс-службу через горячую линию по номеру 64-266 или по электронной почте maekhotline@maek.kz.

Обратившимся с жалобой гарантируются конфиденциальность и защита от преследования в соответствии с положениями Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции».



ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНА БІР ҚАДАМ ҚАЛҒАНДА



24 мамыр күні Ақтауда әуесқой командалар арасында шағын футболдан өткен көктемгі Суперлига өз мәресіне жетті. Екі айға созылған бұл додада өңірдің түкпір-түкпірінен 42 команда бақ

сынады. Ойындар бірнеше дивизионда өтті - Суперлига, Жоғары лига және үш әуесқой лига. Турнирді Маңғыстау облыстық футбол федерациясы мен Маңғыстау футбол лигасы бірлесіп ұйымдастырды.

Жергілікті кәсіподақ атынан қатысқан «МАЭК» командасы негізгі дивизион - Суперлигада жарысқа түсті. Бәсеке барысында команда 10 рет ойын өткізіп, 5-уінде жеңіске жетті, 1 ойында тең түсіп, 4 матчта қарсыластарына есе жіберді. Жарыс қорытындысы бойынша маэктіктер 16 ұпай жинап, үздік төрттіктің қатарынан көрінді. «Бұл - құрамында кәсіпорын қызметкерлері ғана бар ұжым үшін жоғары деңгейлі көрсеткіш. Команда тәжірибелі қарсыластармен тең дәрежеде ойнап, сенімді ойын көрсетті», - дейді Маңғыстау облыстық футбол Федерациясының президенті Марат Төлепбергенов.

Турнир нәтижесінде Dental Art командасы жеңімпаз атанды, екінші орынды Murager, үшінші орынды Atrium командасы еншіледі. Жарысқа қатысқан көп командалар арасынан төртінші орынға тұрақтаған МАЭК спортшылары да жеңіске деген жігерімен және ұйымшылдығымен ерекшеленді.

Команда «МАЭК» ЖШС басшылығына және кәсіподақ комитетіне көрсеткен қолдауы мен сенімі үшін алғыс білдіреді. Алдағы кездесуде спортшыларымызға тек жеңіс тілейміз - екі аптадан кейін басталатын Маңғыстау облысының көктемгі біріншілігінің Кубогында МАЭК командасы қайтадан өз бағын сынамақ.

ЗА ШАГ ДО ПЬЕДЕСТАЛА: МАЭК НЕ СДАЁТСЯ

24 мая в Актау завершилась Весенняя Суперлига по мини-футболу среди любительских команд. Турнир продолжался два месяца и собрал 42 коллектива со всего региона. Игры проходили в нескольких дивизионах — Суперлиге, Высшей и трех любительских лигах. Организаторами соревнований выступили Мангистауская областная футбольная федерация и Мангистауская футбольная лига.

Команда МАЭК, представлявшая предприятие от имени Локального профсоюза, выступала в основной категории — Суперлиге. За сезон коллектив провел 10 матчей: одержал 5 побед, один раз сыграл вничью и потерпел 4 поражения. По итогам турнира команда набрала 16 очков и заняла четвертое место, войдя в число лучших команд области. «Это достойный результат, особенно учитывая, что команда состоит из сотрудников предприятия и соперничала с более опытными и сыгранными соперниками», - отметил Марат Толепбергенов, президент Федерации футбола Мангистауской области.

Первое место в турнире завоевала команда Dental Art, вторыми стали футболисты Murager, а замкнул тройку призеров коллектив Atrium. Несмотря на то, что МАЭК не удалось подняться на пьедестал, команда продемонстрировала волю к



победе, сплоченность и уверенную игру на протяжении всего сезона.

Команда выражает благодарность руководству ТОО «МАЭК» и профсоюзному комитету за поддержку и доверие. Поздравляем наших футболистов с достойным выступлением и желаем успехов в новых матчах — уже через две недели стартует Кубок весеннего первенства по Мангистауской области, где команда МАЭК вновь испытает свои силы.

